

## Көші-қон карточкаларын беру тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 249, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің 2003 жылғы 4 мамырдағы N 82, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 160 және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 177 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 28 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2328. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 351, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 484, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 274, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2013 жылғы 1 қазандағы № 471 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.05.2013 № 351, ҚР Көлік және коммуникация министрінің 25.06.2013 № 484, ҚР Қаржы министрінің 14.06.2013 № 274, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 01.10.2013 № 471 бірлескен бұйрығымен.**

"Көші-қон бақылауын күшейту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 241 қаулысына сәйкес б ұ й ы р а м ы з :

1. Қоса беріліп отырған Көші-қон карточкаларын беру тәртібі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі көші-қон карточкаларына жыл сайынғы қажеттіліктің есептелуін, оларды әзірлеуді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің көші-қон карточкаларымен қамтамасыз етілуін іске асырсын.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде шетелдік азаматтардың көші-қон карточкаларын ресімдеуді Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері жүзеге асырады деп белгіленсін. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының шекаралық бақылау бекеттері жоқ учаскелерінде шетелдік азаматтардың көші-қон карточкаларын ресімдеу жөніндегі функциялар Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің қызметкерлеріне жүктелсін.
4. Халықаралық рейстер жасайтын поездардың бригадалары, әуе және теңіз кемелерінің экипаждары шетелдік азаматтарға мемлекеттік шекара арқылы

өткізу пункттеріне келіп жеткенге дейін көші-қон карточкаларының бланкілерін беруді қамтамасыз етсін.

5. Көші-қон карточкаларын ресімдеуді: халықаралық әуежайларда, "Ақтау" теңіз портында және көші-қон полициясы бөлімшелерінде - 2003 жылғы 1 маусымнан;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде 2003 жылғы 1 шілдеден бастау мерзімдері белгіленсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі К.К. Жәкіпов, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары - Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Б.С.Зәкиевке, Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.К.Ержановқа жүктелсін.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
генерал-полковник

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрі

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігінің  
төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
2003 жылғы 5 мамырдағы N 249

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
2003 жылғы 4 мамырдағы N 82

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар

министрлігінің 2003 жылғы 5  
мамырдағы N 160-I  
Қазақстан Республикасы  
Кедендік бақылау агенттігінің  
2003 жылғы 30 сәуірдегі N 177  
бұйрығымен бекітілген

## **Көші-қон карточкаларын беру тәртібінің ережесі**

1. Көші-қон карточкасы (1-қосымша) Қазақстан Республикасына келген шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам (бұдан әрі - шетелдіктер) туралы мәліметтерді құрайды және оның Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болуын бақылау үшін қажет.

2. Көші-қон карточкасында шетелдіктің тегі, аты, болу мақсаты, қабылдаушы тарап, онымен бірге келген 16 жасқа толмаған балалардың саны көрсетіледі, Қазақстан Республикасына келуі, Қазақстан Республикасынан кетуі туралы белгілер, уақытша болатын жерінде тіркелгендігі туралы белгілер жасалады.

3. Көші-қон карточкалары:  
паспорттары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелетін адамдарға;  
Қазақстан Республикасының визалары бар адамдарға;  
әуе кемелері экипаждарының мүшелеріне;  
теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелеріне;  
поезд бригадаларының, оның ішінде рефрижератор, локомотив бригадаларының жұмыскерлеріне, теміржол көлігімен тасымалданатын жүктерге еріп жүруші адамдарға;  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит бойынша өтетін поездардың жолаушыларына;  
халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілеріне;  
16 жасқа толмаған балаларға берілмейді.

4. Көші-қон карточкаларының бланкілерін беруді:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде - Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі - ҰҚК) Шекара қызметінің әскери қызметшілері, ал шекаралық бақылау бекеттері жоқ жерлерде - кеден органдарының лауазымды адамдары (бұдан әрі - өткізу пунктінің лауазымды адамдары);

2) жол жүру кезінде:

әуе (теңіз) көлігімен жүрген кезде - әуе (теңіз) кемелері экипаждарының мүшелері ;

теміржол көлігімен жүрген кезде - поезд бригадаларының мүшелері; жалпы, жеке пайдаланудағы автомобиль көлігімен немесе жаяу жүрген кезде - мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

5. Шетелдіктерге көші-қон карточкасын беру, әдетте, тиісті үлгілік технологиялық сызбалармен және нормалармен көзделген жолаушылар тасымалдау құралдары мен келушілердің өздерін бақылаудың барлық түрлерінің жалпы уақыт ұзақтығынан көші-қон карточкасын толтыруға қажетті қосымша уақыт кетірмейтіндей есеппен ертерек жүзеге асырылады.

6. Көші-қон карточкаларын дайындауды және жіберуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Ішкі істері) Тыл департаменті жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істері көші-қон карточкаларының бланкілерін Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің, Кедендік бақылау агенттігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің аумақтық бөлімшелеріне жеткізеді (2-қосымша), олар карточкалармен өткізу пункттерінің лауазымды адамдарын және поездар бригадаларының мүшелерін, әуе, теңіз кемелерінің экипаждарын, тасымалдаушыларды қамтамасыз етеді.

8. Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктерге көші-қон карточкаларын толтыру қажеттігі туралы дер кезінде ақпарат берудің, бланкілерді кедергісіз алу мүмкіндігінің қамтамасыз етілуі және шекаралық (кедендік) бақылауды өту алдында оларды толтыру үшін уақыт берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің толтырғыштарында (залдарында) паспорттық бақылау жолағына дейін жолаушылардың көші-қон карточкаларын толтыруы үшін жазуға арналған орындар жабдықталады, онда көші-қон бланкілерінің қажетті санын еркін ала алатындай етіп қойылады.

9. Көші-қон карточкалары шекаралық немесе кедендік бақылау басталғанға дейін 3-қосымшаға сәйкес сиялы немесе шарикті автоқаламсаппен анық, шимайсыз және түзетулерсіз толтырылады. Көші-қон карточкаларын шетелдіктің паспорттың немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттарда көрсетілетін деректерге сәйкес латын алфавиті әріптерімен толтыруға болады.

10. Қазақстан Республикасына келу кезінде өткізу пунктінің лауазымды адамы ұсынылған көші-қон карточкасын паспорттағы деректермен салыстырады, жеке адамды сәйкестендіреді, келгендігі туралы белгі қояды, статистикалық т а л о н д ы ж ы р т ы п а л а д ы .

Келгендігі туралы белгіні "Келу" бағанына:

Шекара әскерлері әскери қызметшілері - датасы көрсетілген мәртабанды басу а р қ ы л ы ;

кеден органдарының лауазымды адамдары - шекарадан өткен датасын көрсетіп, жеке нөмірлік мөрімен растайды.

Көші-қон карточкасы шетелдікке беріледі, ал статистикалық талон өткізу пунктінің лауазымды адамында қалады.

11. Шекарадан өту туралы белгі жасау қарастырылмаған құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін шетелдік азаматтарға шекарадан өту туралы белгі тек қана көші-қон карточкаларына қойылады. Басқа жағдайларда мұндай белгі паспортқа да, көші-қон карточкаларына да қойылады.

Кеден органдарының лауазымды адамдары шекарадан өткені туралы белгіні тек қана көші-қон карточкасына қояды.

12. Қазақстан Республикасында болу мерзімінен бес тәулік асқан жағдайда шетелдіктер тіркелу үшін өздері болатын жердегі ішкі істер органдарына баруы тиіс.

13. Тіркеуді ішкі істер органдарының лауазымды адамдары "Тіркеу" бағанын толтыру арқылы ресімдейді.

Белгіленген нысандағы журналда тіркелген шетелдіктерді тіркеу жүргізіледі. Журнал бойынша реттік нөмірі тіркеу нөмірі болып табылады.

"Тіркеуді ресімдеген орган" бағанында "ПББ (ПБ, АПБ)" және көші-қон полициясы бөлімшесінің визалық (паспорттық) мөрінің нөмірі (мысалы, ПББ-926 , А П Б 9 0 - 0 5 ) көрсетіледі.

Жазу анық жазылады, ал түзетулер енгізілген жағдайда, олар ескертіледі.

Тіркеу оны ресімдеген қызметкердің қолымен және көші-қон полициясы бөлімшесінің мөрімен куәландырылады.

Тіркеу шетелдік азамат бірінші өтініш жасаған жер бойынша ғана ресімделеді .

14. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде көші-қон карточкасын ресімдемеген шетелдік азаматтарға олар тіркеу кезінде беріледі. Егер, шетелдік көші-қон карточкасы болмай тіркеу мәселелері бойынша өтініш жасаған жағдайда ішкі істер органдары оны Қазақстан Республикасында заңды түрде болуына тексеру жүргізеді, одан кейін шетелдікке көші-қон карточкасы беріледі және тіркеу ресімделеді. Бұл ретте, "Келу" бағанында көші-қон полициясы бөлімшесінің визалық (паспорттық) мөрі қойылады.

15. Оларға қатысты шығару туралы шешім қабылданған шетелдіктерге Қазақстан Республикасынан шығу үшін қажетті мерзімге тіркеу ресімделген көші-қон карточкасы беріледі. Бұл ретте "Келу" бағанында "Шығару" деп жазылады.

16. Келуі және болу орны бойынша тіркелгені туралы қойылған белгілері бар көші-қон карточкалары шетелдіктерде олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімінің аяғына дейін болады және Қазақстан Республикасынан кету кезінде шекаралық (кедендік) бақылаудан өту кезінде өткізу пунктінің лауазымды адамына тапсырылады.

17. Көші-қон карточкаларын жоғалтқан немесе абайсызда бүлдірген кезде шетелдіктер ол туралы 3 жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына хабарлауға міндетті, олар өтініш берушілерді тексергеннен кейін көші-қон карточкаларының төлқұжаттары беріледі, оларда тіркелгендігі туралы белгі қойылады. Бұл ретте "Келу" бағанында көші-қон полициясы бөлімшесінің визалық (паспорттық) мөрі қойылады.

18. Егер шетелдік азамат Қазақстан Республикасынан кету кезінде шекаралық (кедендік) бақылаудан өтетін өткізу пунктіне көші-қон карточкасынсыз келсе немесе көші-қон карточкасы белгіленген тәртіппен тіркелмеген болса, өткізу пунктінің лауазымды адамдары одан әрі тексеру және тиісті құжаттар ресімдеу үшін оны ішкі істер органдарына жібереді.

Тіркеу мерзімі өткен немесе тіркеуді қажет етпейтін мерзім шегінде көші-қон карточкаларынсыз Қазақстан Республикасынан шығуға келген шетелдіктер паспорттың шекарадан өткені туралы белгі бар болса, егер оларға байланысты емес дәлелді себептер бойынша (табиғи апаттар, метеожағдайлар, ауру, көліктің қалыпты жұмысының бұзылуы және тағы басқалар) шығуы кешіктірілсе, олар өткізу пункттері лауазымды адамдарының өкімі бойынша шекара арқылы жіберілуі мүмкін.

19. Қазақстан Республикасынан кету кезінде өткізу пунктінің лауазымды адамы ұсынылған көші-қон карточкасын паспорттың деректерімен салыстырады, жеке адамды сәйкестендіреді, шыққандығы туралы белгі жасайды, содан соң көші-қон карточкасы алынады.

20. Көші-қон карточкаларындағы шетелдіктер туралы мәліметтерді өткізу пункттерінің лауазымды адамдары мынадай тәртіппен:

"Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - "Бүркіт" БАЖ) болған жағдайда - "Бүркіт" БАЖ арналары бойынша, ал ол болмаған және автоматтандырылған кеден ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - АКАЖ) болған жағдайда - АКАЖ арналары бойынша көші-қон полициясы бөлімшелеріне береді

Өткізу пункттерінде автоматтандырылған ақпараттық жүйе болмаған жағдайда көші-қон карточкалары мен статистикалық талондар (4-қосымша), сондай-ақ статистикалық есептер бағыныстылығына қарай шекара жасақтарына (кеден басқармаларына), олардан апта сайын ПББ-ПБ беріледі.

21. ПББ-ПБ Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің және кеден органдарының аумақтық бөлімшелерінен алынған шетелдік азаматтар туралы деректерді жинақтап қорытады және шетелдіктің кетуі туралы есепке алу карточкасында белгі қою үшін ол тіркелген жер бойынша ПББ-ПБ-ге хабарлама жібереді.

22. Статистикалық есептерді ПББ-ПБ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Көші-қон полициясы департаментіне есеп беру айының 25-іне дейін тапсырады.

23. Көші-қон карточкалары мен статистикалық талондарды өткізу пунктiнiң немесе көші-қон полициясы бөлімшесінің лауазымды адамдары есептер жасалғаннан кейін акт бойынша (5-қосымша) жояды.

Көші-қон карточкаларын беру

тәртібінің ережеге

1 қосымша

**Төлқұжатқа көші-қон карточкасы**

\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

Тегі

**Кіру**

Аты

Келу мақсаты

Қабылдайтын жақ

Бірге балалары келетін

Қолы

**Шығу**

Қазақстан Республикасының аймағына кем дегенде бес тәулікке келген жағдайда ішкі істер органдарына міндетті түрде тіркелуі тиіс. Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес Қазақстан Республикасы аймағына келу мерзімдерін бұзғандарға әкімшілік жазалау қолданылуы

**Тіркеу N \_\_\_\_\_**

мүмкін.

"\_\_"\_\_\_ 200\_ ж. "\_\_"\_\_\_ 200\_ ж. дейін

**Қ Ұ Н С Ы З**

Тіркеу жасалған органы \_\_\_\_\_

Лауазымды тұлғаның қолы \_\_\_\_\_

м/о

Тіркеу мерзімі

"\_\_"\_\_\_ 200\_ ж. дейін

ұзартылды

**кесу сызығы**

Тіркеу жасалған органы

**Статистикалық талон**

Лауазымды тұлғаның қолы

Тегі

Аты

м/о

Туған күні "\_\_"\_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

Тіркеу мерзімі

"\_\_"\_\_\_ 200\_ ж. дейін

жынысы \_\_\_\_\_

ұзартылды

Тіркеу жасалған органы

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Шығу мақсаты

\_\_\_\_\_ м/о  
 Паспорты \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.  
 " " \_\_\_\_\_ берілді  
 Виза: \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.  
 " " \_\_\_\_\_ дейін жорамды  
 Келуінің болжамды мерзімі 20 \_\_\_\_ ж.  
 " " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_ дейін  
 Бару пункті \_\_\_\_\_ облысы  
 \_\_\_\_\_ елді-мекені

Қабылдаушы тарап

Көші-қон карточкаларын беру

тәртібінің ережеге

2 қосымша

Қазақстан Республикасы ІІМ Тыл департаменті  
 көші-қон карточкалары бланкілерін мына мекен-жайлар  
 бойынша жібереді:

! Бөлімшелер атаулары

!

Мекен-жайы

- |                                   |  |
|-----------------------------------|--|
| 1. Астана (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)        | Астана қаласы ә/б 2014                               |
| 2. Алматы (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)        | Алматы қаласы ә/б 2010                               |
| 3. Солтүстік (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)     | Қостанай қаласы ә/б 2039                             |
| 4. Қостанай облысы бойынша КБ     | Қостанай қаласы, Гоголь к, 183                       |
| 5. Павлодар облысы бойынша КБ     | Павлодар қаласы, Толстой к, 98                       |
| 6. С-Қазақстан облысы бойынша КБ  | Петропавл қаласы,<br>Бейбітшілік к, 120              |
| 7. Оңтүстік (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)      | Сарыағаш қаласы ә/б 2024                             |
| 8. О-Қазақстан облысы бойынша КБ  | Шымкент қаласы,<br>Театральная к, 33                 |
| 9. Жамбыл облысы бойынша КБ       | Тараз қаласы, Төле би к, 81                          |
| 10. Қызылорда облысы бойынша КБ   | Қызылорда қаласы, Есенов к, 16                       |
| 11. Шығыс (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)        | Алматы қаласы ә/б 2040                               |
| 12. Ш-Қазақстан облысы бойынша КБ | Өскемен қаласы,<br>Новаторлар к, 7/2                 |
| 13. Алматы облысы бойынша КБ      | Іле ауданы Өтеген батыр кенті,<br>Ленин көшесі, 11-а |
| 14. Батыс (Қ.Р.ҰҚК-нің ШҚ)        | Ақтау қаласы ә/б 2015                                |





4. Сондай-ақ, көші-қон карточкалары мыналарға:  
- 16-жасқа дейінгі балаларға;  
- дипломатиялық паспорты бар адамдарға;  
- поезд бригадаларының, әуе және теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне берілмейді.

5. Карточка шарикті қаламсап немесе қаламұшпен талдап жазылып ресімделеді. Тегі және аты қатаң түрде төлқұжаты бойынша оны ресімдеген кезде қолданылған алфавитпен (латын немесе кириллица) жазылады. Араб графикасы немесе басқа графика қолданылмайды.

6. Көші-қон карточкасы шетелдіктің қалауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ресімделеді.

7. "Бару мақсаты" бағанында мына мақсаттардың біреуі көрсетіледі:  
жекеше - қонаққа, жеке басының басқа да шаруасымен жүруі кезінде;  
қызмет бабымен - іссапарға, басқа да іскерлік шаруамен жүруі кезінде;  
жұмысқа - жасасқан шартқа сәйкес жұмыспен жүруі кезінде және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті рұқсаты бар болған кезде;

оқуға - Қазақстан Республикасы жоғарғы және арнайы орта оқу орындарының студенттері үшін, сондай-ақ сынақ мерзімінен өтуге немесе практика алуға;

емделуге - Қазақстан Республикасы медициналық мекемелерінде емделуге бара жатқан адамдар үшін;

туризм - туристер қатарында бара жатқан адамдар үшін;

8. "Қабылдаушы ел" бағанында қабылдаушы және тұлғаның тегі немесе қабылдаушы ұйымның атынан бой көрсетуші заңды тұлғаның аты-жөні, сондай-ақ ол тұратын облыс атауы (заңды тұлғаның тіркелу орыны) көрсетіледі.

Мысалы: Сүндетов А.И., Қызылорда облысы.;

"НҰР" АҚ, Астана қаласы.

9. "Бірге еріп жүруші балалар" бағанында шетелдікпен бірге келе жатқан 16-жасқа дейінгі жастағы балалардың саны жазылып көрсетіледі.

Мысалы: "үшеу".

10. Көші-қон карточкалары шекаралық (кедендік) бақылау кезінде төлқұжатпен бірге көрсетіледі. Көші-қон карточкалары шетелдіктің қолында Қазақстан Республикасынан шығып кеткенге дейін сақталады және ішкі істер органдары, шекара және кеден қызметкерлерінің талабы бойынша көрсетіледі.

11. Ішкі істер органдарында тіркелуі белгісін көші-қон полициясы қызметкерлері жүргізеді. Қазақстан Республикасында болу мерзімі 5 тәуліктен аспаған адамдарға ішкі істер органдарында төлқұжаттарын тіркеу міндетті емес.

12. Темір жол көлігімен жүруші жолаушыларға ыңғайлы болу үшін осы жаднама және көші-қон карточкаларын ресімдеу үлгісі вагон ішінде орналасқан стендта ілініп қоюы тиіс.

Көші-қон карточкаларын беру  
тәртібінің ережеге  
4 қосымша

Статистикалық есеп

-----  
N ! Қай елдің азаматы ! Келгені ! Кеткені  
P / с ! ! !  
-----  
-----

Көші-қон карточкаларын беру  
тәртібінің ережеге  
5 қосымша

**Көші-қон карточкалары мен олардың статистикалық  
талондарын жою  
Актісі**

200\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласы

Біз, \_\_\_\_\_

лауазымы, атағы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері

200\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ және 200\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ кезеңінде  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту кезінде  
шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар тапсырған саны  
\_\_\_\_\_ дана көші-қон карточкалары мен саны \_\_\_\_\_ дана  
олардың статистикалық талондарын жойдық.

Қойылған қолдар:

-----

\_\_\_\_\_